

Әл-Фараби атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Заң факультеті
Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика
кафедрасы

«Контрабанданы тергеу» пәнінің
СИЛЛАБУСЫ

3 курс, к.б, 6- семестр, көктемгі, кредит саны -2

БЕКІТІЛГЕН

Факультеттің Ғылыми Кеңес мәжілісінде
№ ___ хаттама «___» _____ 2011ж.
Факультеттің деканы з.ғ.д., профессор
_____ Байдельдинов Д.Л.
«_____» _____ 2011 ж.

Лектордың аты-жөні: Даубасова Сулушаш Шынжырханқызы

Телефон: 87017131356

e-mail: sulushash_79@mail.ru

каб. 413

Семинар сабағын жүргізетін оқытушының аты-жөні: Таубаев Бауыржан

Телефон:

e-mail:

каб.

Пререквизиттер: қылмыстық құқық, қылмыстық істер жүргізу құқығы, криминалистика.

Постреквизиттер: сот сараптамасы, кедендік бақылау, кеден саласындағы криминалистика.

«Контрабанданы тергеу» пәннің жүргізу мақсаты. Қылмыстық құқық және қылмыстық істер жүргізу құқығы сабағынан алынған білімдерді контрабанда қылмыстарын тергеу ситуациясына қатысты қолдануға үйрету. Берілген фабула бойынша студенттер қылмыстық іс қозғау кезеңінен айыптау қорытындысына дейін өзгеріп отыратын тергеу ситуациясын дұрыс бағалауға үйрету. Контрабандалық қылмыстық іс бойынша болжауларды жылжытуды, тергеуді жоспарлауды, тергеу әрекеттерін жүргізуде тактикалық тәсілдерді тиімді пайдалануға үйретуге бағытталған. Сабақ барысында жүргізілген тергеу әрекеттерінің нәтижелерін, қылмыстық іс материалдарын толық, процессуалды жағынан дұрыс бекітуді үйрету камтылады. Контрабанданы тергеу бойынша қылмыскердің жеке басы мен әрекет ету сипатын анықтауға, криминалистикалық ақпараттарды дұрыс пайдалана білуге, сондай-ақ, криминалистік әдіс-тәсілдерді білуге қылмыстың ізін

суытпай ашып, оны дұрыс тіркеп, жекелеген заттай дәлелдемелерді тиімді түрде зерттеуге бағытталған. Контрабанданың жекелеген түрлерін тергеу жөніндегі тактикалық әдістер мен әдістемелік ұсыныстарды игеру қылмыстың дер кезінде ашылып, тергеу сапасын арттыруға мүмкіндік жасайды

Осы пәнді оқып үйрену нәтижесінде студент білуі тиіс:

- 1) болашақ кеденшілердің кәсіби: ойлау жүйесін құру (жасау) және кәсіби құқықтық мәдениетін қалыптастыру;
- 2) нормативтік құқықтық актілерді заң тұрғысынан дұрыс пайымдау, қолдану дағдыларын қалыптастыру;
- 3) студенттер криминалистика пәнінен алынған білімдерін тәжірибеде, яғни қылмыстық істі тергеу мен ашу барысында дұрыс, орынды, тиімді қолдана білуге үйрету;
- 4) фабула бойынша қылмыстық істі қозғаудан бастап айыптау қорытындысына дейін тергеуші ретінде тергеу жүргізуге үйрету;
- 5) іс бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттерінің тактикалық әдіс-тәсілдеріне қатысты ұсыныстарды тиімді, орынды қолдануға, процессуалдық жағынан ережелердің жүзеге асыру негіздерін оқып үйрену;
- 6) қылмыстық істің материалдарын, тергеу әрекеттерінің нәтижелерін дұрыс бекітілуін меңгеруіп оқу.

жасай білуі тиіс:

- танымның ғылыми әдістерін пайдалануды;
- фабула бойынша қылмыстық істі қозғаудан бастан айыптау қорытындысына дейін тергеуші ретінде тергеу хаттамаларын толтыра білуге;
- Осы курсты оқу барысында сабақтардың негізгі нысандары: дәрістер. ЖОО-нда оқудың ерекшелігі – орта білім алу процессіне қарағанда, жоғарғы білім алу процессі – ол дербес өзіндік білім алу. Семинар сабақтарға дайындалу оқу материалын игерудің негізгі нысаны болып табылады.
- Сабақтарда студенттің белсенділігі пән бойынша өз білімдерін тереңдетуге, қайнар көздермен дербес жұмысты атқару, дайындалып дәлелді баяндама жасау, дискуссияға қатысып өз пікірлерін негіздеу дағдыларын алуға мүмкіншіліктер береді.

Курстың құрылымы:

№	Тақырыптардың атауы	Апта бойынша бөлу					
		лекция		семинар		СӨЖ	
		апта	сағ. саны	апта	сағ. саны	апта	сағ. саны
1	Контрабанда түсінігі, қылмыстың жіктелуі (Өзекті дәріс)	1, 2,	2 сағат	1, 2	2 сағат	2	

2	Контрабанда қылмыстарын тергеудің жалпы мәселелері	3, 4	2 сағат	3, 4	2 сағат		
3	Экономикалық контрабандамен байланысты құқық бұзушылықтың кеден тәртібін бұзу түрлерін талдау (Өзекті дәріс)	5, 6	2 сағат	5, 6	2 сағат	4	
4	Кеден органдарының қызметін жүзеге асырылуының прокурорлық қадағалау	7, 8	2 сағат	7,8	2 сағат	6	
5	Контрабанда қылмыстары тереу кезеңдері (Өзекті дәріс)	9, 10	2 сағат	9, 10, 11	3 сағат		
6	Контрабанданың жеке түрлерін тергеу ерекшеліктері	11, 12, 13,	3 сағат	12, 13,14	3 сағат	9	
7	Экономикалық контрабанданы алдын алу шаралары (Өзекті дәріс)	14, 15	2 сағат	15	1 сағат	13	
	Барлығы	15		15		5	

Ұысынылатын әдебиеттердің тізімі.

А) Нормативтік әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл
2. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 167 Кодексі
 1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206
 2. Комментарий к Уголовному Кодексу Республики Казахстан. Борчашвили И.Ш., Рахимжанова Г.К. Караганда – 1999
 3. “Қазақстан Республикасының кеден ісі туралы” Қазақстан Республикасының Заңы. 20.06.1995 (өзгерістер мен толықтыруларымен қоса).
 4. “Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы” Қазақстан Республикасының Заңы. 13.12.1993 (өзгерістер мен толықтыруларымен қоса).
 5. Қазақстан Республикасының кеден кодексі. Алматы – 2001

6. “Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы” Қазақстан Республикасының Заңы. 26. 06.1998
7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Кеден Комитетінің №107 Бұйрығы. 21.03. 2001

Б) Негізгі әдебиеттер:

1. Қылмыстық құқық. Оқулық. Ерекше бөлімі. Алматы “Жеті-жарғы” –2001ж.
2. Уголовное право Республики Казахстан. Алматы – 2000
3. Уголовное право РФ.(Особенная часть) Издательская группа НОРМА-ИНФРА, Москва –2000.
4. Круглов А.С. “Таможенный приоритет”Москва, “Экономика и жизнь” 2003г № 17
5. Гуценко К.Ф. “Правоохранительные органы” . Учебник для вузов. Москва. Изд: “БЕК” 1995г.
6. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық (ерекше бөлімі). Алматы, Жеті- жарғы –2004ж.
7. Габримузе Б.Н. “Таможенное право” Москва, Изд: “БЕК” 1995
8. Кушимир И.М. “Очерки по истории таможенной политике” СПб.1903.
9. Минцлов С.Р. “В таможенном мире” Трапезонд, 1917г.
10. Жұмағали А. Криминология (Жалпы бөлім) – Алматы , ШЖҚ «Издательство ЛЕМ», 2003 – 100 с.
11. Алауханов Е.О. Криминология (Қылмыстану). Оқулық. – Алматы, 2005 ж. 192 бет
12. Қылмыстық іс жүргіземін десен... (қылмыстық іс жүргізу пәні бойынша тәжірбие сабақтарына арналған тапсырмалар мен құжат үлгілерінің жинағы): Оқу құралы. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2004. – 72 бет

В) Арнайы әдебиеттер:

1. Жадбаев С.Х. Криминология. Краткий курс лекций. – Алматы: Жеті-жарғы, 2002. – 144 с.
2. Е. Каиржанов Криминология. Алматы., 2001 г.
3. А.И. Алексеев Криминология, курс лекций. Москва, 2000 г.
4. Е.Ерешов Қылмыстық іс жүргізу. Жалпы Бөлім: Оқулық. Алматы: «Өлке» баспасы, 2006. 216 бет
5. Алауханов (Алауов) Е.О., Сатыпалды Қ.С. Қазақстан Республикасында алдын-ала тергеудің қылмыстық-іс жүргізу құжаттары үлгілерінің жинағы. – Алматы: «Өркениет», 2002. – 244 бет
6. Тергеу әрекетінің тактикасы. Еркенов С.Е., Сұлтанов С.И. – Алматы Данекер 2002. – 227 бет
7. Ағыбаев А.Н., Алауханов Е.О. Алдын ала тергеудің аяқталуы. Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 136 бет
8. Әпенев С.Құқықтық статистика: Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 392 бет
9. Наумов А.М. Қылмыстық құқықы жалпы бөлім Алматы 2002 ж
10. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне. Түсінік. – Алматы ЖШС “Издательство “Норма-К”, 2004. – 648-бет.
11. Меретуков Г.М. Криминалистические проблемы борьбы с наркобизнесом организованных преступных групп.
12. Белкин Р.С. Курс криминалистики. В3-томах. М., 2001.
13. Белкин Р. С. Криминалистическая энциклопедия. М., 1997.
14. Бозгрин И. А. Научные основы криминалистической методики расследование преступлений. Вып. 1-4. Спб., 1998, 1999.
15. Выявление причин преступности и предупреждение преступлений. М., 1997.
16. Лопушанский Ф.А. Следственная профилактика преступлений. Киев, 1999.
17. Быков В.М. Криминалистическая характеристика преступных групп. Ташкент, 1996.

18. Криминалистика. Расследование преступлений в сфере экономики. Нижний Новгород, 1995.
19. Ағыбаев А.Н. ҚР Қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім. Алматы. 2000 ж.
20. Е.М.Тілеубергенов Криминалистикалық әдістеме. Оқу құралы. Алматы: «Дәнекер». 2003 – 100 бет
21. Жәкішев Е. Криминалистикалық тактика: Оқу құралы. - Алматы: «Жеті жарғы», 1997. – 92 бет
22. Гинзбург А.Я. Криминалистические основы следственных действий (по Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан). Учебно пособие по криминалистике. /По ред. Профессора А.Ф.Аубакирова. – Алматы: Данекер, 2002. – 306стр
23. Пайдақорлық-зорлық қылмыстарының алдын алудың криминологиялық проблемалары. Монография. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2005. – 304 бет

www.minjust.kz.

www.zakon.kz

Білімді бақылау нысандары:

СӨЖ: 5

Аяққы емтихан: емтихандық сессия кезеңінде.

Жеке тапсырмалар:

СӨЖ дайындалу үшін материалдарды зерделеу кестесі

№	Тақырыптардың атауы және СӨЖ тапсырмаларының мазмұны	тапсыру мерзімі	бақылау нысаны және баллдар
1	Контрабанда түсінігі, қылмыстың жіктелуі (Өзекті дәріс)	2 апта	3 балл Шығарма Эссе
2	Экономикалық контрабандамен байланысты құқық бұзушылықтың кеден тәртібін бұзу түрлерін талдау (Өзекті дәріс)	4 апта	3 балл презентация
3	Кеден органдарының қызметін жүзеге асырылуының прокурорлық қадағалау	6 апта	3 балл Әдеби шолу Реферат
4	Контрабанданың жеке түрлерін тергеу ерекшеліктері	9 апта	3 балл Жеке жоба
5	Экономикалық контрабанданы алдын алу шаралары	13 апта	5 балл Топтық жоба

СӨЖ тапсырмаларына қойылатын талаптар:

Студенттер СӨЖ тапсырмалары силлабуста белгіленген тақырыптар бойынша жазбаша нысанда дайындалады. Студент тарапынан дайындалған СӨЖ оқытушының офис сағантарында қорғайды. Қорғау кезінде тақырыпты қысқаша түсіндіреді және сол тақырыпқа байланысты оқытушы тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруі талап етіледі.

СӨЖ туралы талаптар:

Тақырыптың негізіне кірмес бұрын студент СӨЖ тақырыбына кіріспе жасайды. Кіріспеде тақырыптың қысқаша тарихына тоқталады, құқықтағы орны мен маңызы қарастырылады. Осыдан кейін негізіне тоқталады. Осы бөлімде тақырыпты жан жақты ашуға тырысады. Осы тақырыпқа байланысты ғылыми пікірлер, тәжірибеге тоқталады. Жұмыста студент тақырып шеңберінде еңбекте қаралған сұрақтарды көрсетіп автордың субъективті позициясын ашуға тиісті. Осыдан кейін барып өзіндік қорытынды жасалады. Қорытынды да тақырыпқа байланысты өзіндік тұжырым, түйіндемелер жасалады.

Студенттер СӨЖ жазу барысында жұмыс бағдарламасында сонымен қатар силлабустарда көрсетілген әдебиеттерді пайдалана алады. Жұмыстың көлеміне байланысты шектеулер жоқ, бірақ тақырыпты жеткілікті дәрежеде ашуы тиіс. СӨЖ орындауда жоспары, мазмұны және қолданылған әдебиет тізімі көрсетіледі. Қолданылған әдебиеттер тізімінде, ғылыми еңбектің аталуы, авторы, баспа атауы, шыққан жері мен жылы көрсетіледі.

СӨЖ мақсаты: тақырып шеңберінде жоспарда көрсетілген сұрақтар бойынша негізделген ғылыми және тәжірибелік қорытындыларды шығару.

СӨЖ нысанының түрлері

- 1. Тақырып сұрағының презентациясы** – студенттің үйде тыңғылықты дайындалып келуі(кестелерді, сызбанұсқаларды, оргтехникалар мен басқа да интерактивті әдістерді пайдалануы)
- 2. Жеке жоба** – сабақ барысындағы оқытушының сұрағына жауап беру, арнайы білімді пайдаланып, өзінің логикалық тұрғыдан көзқарасын негіздеу.
- 3. Пікірталастарға қатысу (іскерлік ойындар)** – студенттің қойылған тапсырма бойынша пікірталастық негіздегі, авторлық позициямен қайнар көздерді меңгеру түріндегі белсенді іс-әрекеті.
- 4. Топтық жоба** – қойылған мәселені талдау бойынша студенттің кең және терең қызығушылығын көрсетіп, танытуы.
- 5. Эссе** – студенттің жіберілген тақырыптар бойынша өз бетінше мазмұндамасын жеткізуі(жазбаша)
- 6. Шығарма** – аудиториялық шектеулі уақыт жағдайында зерттеліп отырған тақырып немесе тақырып циклы бойынша өзіндік, жазбаша шығармашылық материал.

СӨЖ жазбаша нысанда, тақырыпты ашып, негіздеп жазу түрінде тапсырылады және студент тарапынан қорғалады, бұл жайында тапсырма бөлімінде айтылған. СӨЖ тақырыптары төменде белгіленген тақырыптардың алғашқы үшеуі жетінші аптаға дейін оқытушының офис уақыттарында тапсырылады, ал кейінгі екеуі, яғни 4-5 тақырыптар он үшінші аптаға дейін тапсырылады. Кешіктірілген жұмыстар қабылданбайды.

Силлабуста көрсетілген мерзімнен кейін даярланған СӨЖ қаралмайды.

Реферат. Студентте бір тақырыпты таңдау құқығы бар, осы тақырып бойынша ол материалдарды жинап, қорғау үшін реферат әзірлеуі тиіс. Рефераттардың қорғалуы оқытушымен тағайындалған мерзімде өткізіледі (сабақ кестесіне сәйкес).

Рефераттарды дайындау және рәсімдеу бойынша нұсқаулар

Рефератты жазғанда осындай жағдайларға назар аударылады:

Реферат ғылыми әдебиеттерде, сондай-ақ басқа ақпарат көздерінде (интернет, газеттер мен журналдар және т.б.) белгілі өзекті тақырып бойынша жарияланған концепциялардың айқындалуы болып табылады. Рефератта ешқандай жаңалықтың элементтері болуға тиісті емес, бұл жерде бірнеше қайнар көздерінде көрініс тапқан берілген тақырыптағы негізгі идеяларды сауатты айтып беру және оларды әр түрлі көзқарастар бойынша топтастыру жеткілікті болып табылады.

Рефераттың көлемі 5-тен кем емес және 15 баспа беттен артық емес болады. Рефератты Word 6,0 немесе 7,0 (Windows'2000) редакторы пішінде теру керек, бет үлгісі – А4; қаріп (шрифт) түрі – Times New Roman (KZ Times New Roman), қаріп (шрифт) өлшемі – 14.

Мәтінде артық, тақырыптан басқа жаққа алып кететін, керегі жоқ мәліметтер болмау тиіс. Реферат мазмұнының берілген тақырыпқа сәйкестілігі бағалаудың маңызды критеріі болып саналады. Сондықтан рефераттың бас мақсаты ақпарат көздерін толық пайдаланып, авторлардың пікірлерін дұрыс түсіну және жұмыста оларды өзгертпей көрсете білу.

Рефераттың құрылымы қойылған міндеттемелерге байланысты.

Реферат титулдық беттен басталады. Одан кейін мазмұны көрсетіледі. **Мазмұны** рефераттың жоспары болып табылады, бұл жерде әр бөлімнің қасында тиісті беттердің нөмірі көрсетіледі.

Рефераттың мәтіні үш бөлімге бөлінеді, яғни кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды.

Кіріспеде тақырыптың өзектілігі негізделеді, сонымен бірге негізгі мәселелер, жұмыстың мақсаты мен міндеттері, пайдаланған қайнар көздері сипатталады.

Жұмыстың **негізгі бөлімі** реферат логикалық қатарының басты элементі болып табылады. Ол бірнеше тараудан немесе біртұтас мәтіннен тұрады. Негізгі бөлімде кезегімен, тараулар арасындағы логикалық байланыстың сақталынуымен кіріспеде қойылған мәселесі сипатталады, осы сұрақ бойынша алуан пікірлер көрсетіледі, авторлық көзқарасы негізделеді. Қажет болған жағдайда рефераттың мәтіні суреттер, кестелер мен сызбалармен толықтырылады.

Жұмыстың **қорытындысында** зерттеу жұмысының теориялық мәселелеріне қатысты басты-басты қол жеткен тұжырымдары көрініс табады.

Рефераттың соңында библиографиялық тізімі яғни пайдаланылған әдебиеттер мен басқа қайнар көздерінен тізімі көрсетіледі.

Рефераттың рәсімделенуі де жұмыстың маңызды аспектісі болып табылады, себебі рефераттың дұрыс рәсімделгені қорытынды бағаға ықпал етеді. Өзекті, қызықты жазылған рефераттың құнтсыз рәсімделуі бағаны төмендетуге негіз бола алады.

2. Жазбаша жұмыс. Белгілі бір тақырып немесе бірнеше тақырып, сондай-ақ бүкіл курс бойынша әзірленген сұрақтарға жауап беруге дайындалу.

3. Логикалық тапсырмалар: студенттерге курсының әр тақырыптары бойынша логикалық тапсырмалар ұсынылады. Тапсырмалар ұсынылған әдебиеттердің негізінде жазбаша нысанда орындалады.

4. Баяндама.

Баяндаманы әзірлеу жоспары:

- оқытушымен бірге тақырыпты таңдау;
- базалық оқулық пен оқу-әдістемелік құралы бойынша тақырыпты зерттеу;
- баяндаманың негізгі идеяларын айқындау;
- ұсынылған әдебиетпен танысу;
- баяндаманың жоспарын құру;
- тақырып бойынша негізгі ұғымдарымен сөздіктер мен анықтамалықтардың көмегімен танысу;
- баяндаманың тезистерін әзірлеу;
- мысалдар мен иллюстрацияларды табу, көптеген тақырыптар бойынша Power Point бағдарламасында орындалған презентацияны көрсету баяндаманы жақсы әшекейлейді;
- баяндаманың мәтінін дайындау.

Баяндаманың ұсынылатын ұзақтығы – 10 мин.

Баяндаушының сөздерінен кейін аудиторияның сұрақтарына жауап беру және оқытушының тұжырымдамасы үшін уақыт қалдырылады.

Жариялы баяндаманың құрылымы.

Классикалық риторикада ауызша баяндаманың үш бөлімнен тұратын құрылымы қалыптасқан: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды.

Кіріспе талқыланатын тақырыпқа тыңдаушылардың назарын аудару тәсілі. Әдеттей кіріспе баяндама уақытының сегізден бір бөлігін алады.

Негізгі бөлімінде тақырып толығымен ашылып, тиісті мәліметтер және дәлелдер келтіріледі.

Негізгі бөлімінде жиі жіберілетін қателіктерге жатады:

- тақырыптың шегінен шығып кету;
- нақты жоспардың жоқтығы;
- бір сұрақтан басқа сұраққа секіріп кету.

Қорытынды қысқаша және анық болуға тиіс. Сонымен бірге тыңдаушыларға көңіл аударғандары үшін рахмет айтуға болады.

СОӨЖ өткізудің мерзімдері

СОӨЖ ӨТКІЗУДІҢ КЕСТЕСІ

Апталар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
СОӨЖ №		*		*		*			*				*		
Баллдарың саны		3		3		3			3				5		

Қорытынды емтихан

Аралық бақылау (7 апта) алдыңғы дәріс және семинар сабақтарында зерделенген теориялық және тәжірибелік сұрақтар бойынша өткізіледі.

Студенттердің білімін бағалау шкаласы:

Бағаның әріптік эквиваленті	Бағаның сандық эквиваленті	% баллдар	Дәстүрлі жүйе бойынша баға	
A	4	95-100	«Өте жақсы»	
A-	3,67	90-94		
B+	3,33	85-89	«Жақсы»	
B	2,67	80-84		
B-	2,33	75-79		
C+	2	70-74	«Қанағаттанарлық»	
C	1,67	65-69		
C-	1	60-64		
D+	-	55-59		
D	-	50-54	«Қанағаттанарлық емес»	
F	-	0-49		
I (Incomplete)	-	-		"Дисциплина не завершена" (Не учитывается при вычислении GPA)
P (Pass)	-	-		"Зачтено" (Не учитывается при вычислении GPA)
NP (No Pass)	-	-		"Не зачтено" (Не учитывается при вычислении GPA)
W (Withdrawal)	-	-	"Отказ от дисциплины"	

			(Не учитывается при вычислении GPA)
AW (Academic Withdrawal)	-	-	"Снятие с дисциплины по академическим причинам" (Не учитывается при вычислении GPA)
AU (Audit)	-	-	"Дисциплина прослушана" (Не учитывается при вычислении GPA)
Атт.	-	30-60 50-100	"Аттестован" (Не учитывается при вычислении GPA)
Не атт.	-	0-29 0-49	"Не аттестован" (Не учитывается при вычислении GPA)
R (Retake)	-	-	"Повторное изучение дисциплины" (Не учитывается при вычислении GPA)

Баға қою саясаты:

Пәнді оқып үйрену өткен тақырыптардың барлығын қамтитын тест, ауызша немесе жазбаша нысанында емтихан қабылдаумен аяқталады. Емтиханға жіберу үшін міндетті шарт бағдарламада қарастырылған барлық тапсырмаларды орындау болып табылады. Дәрістік курстың тақырыптары бойынша жазбаша жұмыстар, СӨЖ шеңберінде қылмыстық құқықтың өзекті проблемалары бойынша сөз жарысы жоспарланған.

Қорытынды баға қою кезінде ағымдағы бақылаудың нәтижелері бойына балдар ескеріледі.

№	Жұмыс түрлері	Баға (мақ балл)	Саны	Соммасы
1	Дәрістік сабақтар	-	-	-
2	Семинарлық сабақтар	13	2	26

3	СӨЖ	17	1	17
4	АБ 1	5	1	5
5	АБ 2	5	1	5
6	Конспектілерді тексеру	1,5	2	3
7	Тестілеу	2	2	4
8	Емтихан			40
	Барлығы			100

Ағымдағы бақылау нәтижелері емтиханға жіберу үшін негіз болып табылады.

Егер студент ағымдағы бақылау нәтижелері бойынша пән бойынша ең жоғарғы балдың жартысынан төмен (60 %) бал жинаса емтиханға жіберілмейді.

Курстың саясаты және процедурасы

Студенттің міндетіне кіреді: сабаққа күнделікті қатысу, пән бойына тапсырмаларды тапсыру кестесінің талаптарын орындау, әдебиеттермен өзіндік жұмыс жүргізу.

Мезгілінде және толық түрде тапсырмаларды орындаған жағдайда әрбір жұмыс үшін ең жоғары балл қойылуы мүмкін. Аяқталмаған жазбаша жұмыстар саналмайды.

Көтермелеу балдары: 3 балл –

- шығармашылығы үшін;
- оқу процесіне белсенді қатысқаны үшін;
- әртүрлі дереккөздерін пайдаланғаны үшін.

Айып балдары: жалпы санынан 3 балл алынады:

- материалдарды уақытында бермегені үшін;
- жұмысты сапасыз орындау;
- сабақты жіберу;
- сабаққа кешігіп келу.

Студенттің жеке қатысуынсыз қорытынды бақылау жүргізілмейді.

Студент міндетті:

- сабаққа қатысуға;
- сабаққа кешікпеуге;
- СӨЖ орындаған кезде топтың жұмысына және дәрістер мен семинарлық сабақтарға белсенді қатысуға;
- орындаушы болуға
- сабаққа жүйелі түрде дайындалуға
- СӨЖ кестесінде көрсетілген мерзімде тапсырмаларды орындауға;
- негізгі және қосыма әдебиеттерді зерделеуге,
- белгілі бір құқықтық мәселелерін шешкен кезде Жедел іздестіру қызметі заңын және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын талдауға және қолдануға;
- шыдамды, сұхбаттасуға ашық болуға;
- қайтарымды байланыс ұстауға;
- ойлау процесінде өз бетіше болуға ұмытылуға;
- мәні бойынша сөйлеуді үйренуге.

Көмек: өзіндік жұмыстарды орындауға байланысты (СӨЖ) кеңестер алу, оларды тапсыру және қорғау, сондай-ақ өткен материал бойынша және курсқа байланысты басқа да сұрақтармен офис-сағаттар көрсетілген мерзімде оқытушыға жолығуларыңызға болады.

Кафедра мәжілісінде қаралған

Хаттама № ____ « ____ » _____ 2011ж.

Лектор:

Даубасова С.Ш.